

6D070700 - «Тау-кен ісі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін

Қыдрашов Адилжан Бекежанович

«Тау-кен қазбаларын қазып алу жұмыстарының әсер ететін аймақтарда бекіту параметрлерін геомеханикалық модель көмегімен негіздеу» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ШКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Жер асты қазбаларын бекіту процесі жерасты тәсілімен қазып өндіру кезіндегі тау-кен өндірісінің еңбек және капиталды ең көп талап ететін процестерінің бірі болып табылады. Соңғы жылдары қарнақты бекітпе кеңінен таралуда. Бұл бекітпенің өлшемдерін негіздеген кезде қазба маңында туындайтын серпінсіз деформациялану аймағының көлемін болжау өте маңызды. Қалыпты жағдайда дербес өтілген қазбалардың бекітпелерін негіздеу жолдары жақсы деңгейде зерттелгенімен, жоғары тау-кен қысым аймақтарында бекітпенің өлшемдерін есептеу жолдары әлі де толық қанды зерттелген емес. Қазіргі таңда қолданыс тапқан есептеу жолдары екі өлшемді есептеу схемаларына негізделеді. Себебі бекітпені есептеу математикалық аппараттары өткен ғасырда туындаған. Компьютерлердің дамуына байланысты есептеу әдістері де жетілдіріле түсті. Қазіргі уақытта үш өлшемді геомеханикалық модельдеу құралдарының арқасында кенорнын тұтастай модельдеп қазба маңында туындайтын кернеулі деформацияланған күйін кешені зерттеуге мүмкіндік ашылды. Осыған байланысты Тау-кен қазбаларын қазып алу жұмыстарының әсер ететін аймақтарда бекіту параметрлерін геомеханикалық модель көмегімен негіздеу тақырыбына орындалған жұмыс өзекті болып табылады.

2. Диссертацияда тұжырымдалған ғылыми ережелердің, тұжырымдар мен ұсынымдардың негізділік дәрежесі.

Ғылыми қағидалардың және зерттеу нәтижелерінің негізділігі тау жыныстары механикасы мен сандық модельдеу салаларындағы заманауи жетістіктері мен ғылыми негізделген әдістерін қолдану арқылы расталады.

Зерттеу нәтижелерінің дұрыстығы ұсынылған әдістеме бойынша орындалған есептеулермен және жергілікті бақылау нәтижелерімен сәйкестігімен расталады. Осыған байланысты, менің ойымша, ғылыми жағдай жеткілікті негізделген.

3. Диссертацияда тұжырымдалған ғылыми нәтижелердің, қорытындылары мен жаңалығы

– қазып алынған кеңістіктің өлшемі мен қазып алынған кеңістікке қатысты дайындау қазбаларының орналасуына байланысты тазарту жұмыстарының әсер ету аймағындағы дайындау тау-кен қазбаларының бекітпелеріне ығысулар мен жүктемелердің қалыптасу заңдылықтарын анықтау;

– бағанның шартты ортасынан екі еселік шамаға ерекшеленетін әртүрлі қашықтықта бұрын пайдаланылған лаваға нормаль бойынша орналастырылған дайындама қазбаларының бекітпесіне жүктемені негіздеу;

– қазбалар мен қазып алынған кеңістіктің орналасуын ескеретін бекітпеге түсетін жүктемені есептейтін әдістемені әзірлеу.

4. Жұмыстың практикалық маңыздылығы.

Көмір шахталары үшін әзірленген әдістеме бойынша дайындық қазбаларын бекіту түрлері мен параметрлерін негіздеу.

5. Диссертациялық жұмыстың негізгі ережелері, нәтижелері, қорытындылары мен жарияланымдарының жеткілікті толықтығын растау.

Жұмыстың нәтижелері республикалық және халықаралық басылымдарда 7 ғылыми еңбек жарияланды, олардың 3 Scopus деректер базасына кіреді, 1 ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған басылымдарда, 2 халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында, 1 авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы куәлік жарияланды.

6. 6D070700 – «Тау-кен ісі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды»

Қазып алынған кеңістіктің әсерін ескере отырып, тау-кен қазбаларын бекіту құралдары мен параметрлерін негіздеу мәселелерін шешетін өзекті тақырыпта орындалған, жаңалығы мен практикалық маңызы бар, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарына және "ғылыми дәрежелер беру ережелеріне" сәйкес келеді, ал оның авторы Кыдрашов Адилжан Бекежанович 6D070700 – "Тау-кен ісі" мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық».

**Ғылыми кеңесші,
«Әбілқас Сағынов атындағы
Қарағанды техникалық
университеті» КеАҚ,
Пайдалы кен орындарын
қазып өндіру кафедрасының
доценті м.а., т.ғ.к.**



Н.Б. Бахтыбаев

